

МРНТИ 20.01.45  
УДК 378

<https://doi.org/10.51889/2959-5894.2023.81.1.023>

Е.Ы. Бидайбеков<sup>1</sup>, Н.Ж. Рахымбек<sup>2\*</sup>, Л.К. Жайдақбаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Қазақстан

\*e-mail: naziko\_jan00@mail.ru@mail.ru

## БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУДА ҰҒЫМДЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІКТІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

*Аңдатпа*

Мақалада болашақ информатика мұғалімдерін даярлауда ұғымдық-терминологиялық сөздікті қолданудың ерекшеліктері жайлы қарастырылған. Тәжірибе М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті базасында жүргізілді. Болашақ информатика мұғалімдерін даярлауда ұғымдық-терминологиялық сөздікті оқыту бойынша тәжірибелік жұмысты ұйымдастыру және жүргізудің әдістемесі мен әдістері сипатталған. Эксперименттік жұмыстың нәтижелерін талдау кесте, диаграмма түрінде графикалық түрде ұсынылған. Педагогикалық эксперимент үш кезеңде жүргізілді: айқындаушы, қалыптастырушы, қорытынды. Эксперименттік жұмыстың кезеңдерінде келесі зерттеу әдістері қолданылды: талдау, жалпылау, жүйелеу, байқау, сауалнама, тестілеу, зерттеу және педагогикалық тәжірибені жалпылау. Эксперименттік жұмыстың нәтижесінде бақылау тобы мен пен эксперименттік топтың нәтижелері талданды.

Нәтижесінде эксперименттік топтың білім алушыларының АКТ курсы менгеруде ұғымдық терминологиялық сөздікті қолданғандағы теориялық білімдерінің артқанын көруге болады. Бұл жағдай болашақ информатика мұғалімдерін даярлауда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар курсына ұғымдық терминологиялық термин сөздерді қолдануды, мұғалімнің күзiреттiлiгiнiң артуына әкеледi.

**Түйін сөздер:** ұғымдық-терминологиялық сөздік, цифрлық сауаттылық, болашақ информатика мұғалімдері, эксперимент, әдістеме.

*Аннотация*

Е.Ы. Бидайбеков<sup>1</sup>, Н.Ж. Рахымбек<sup>2</sup>, Л.К. Жайдақбаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Южно-Казахстанский университет имени М.Ауезова, г.Шымкент, Казахстан

## ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПОНЯТИЙНОГО ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКОГО СЛОВАРЯ ПРИ ОБУЧЕНИИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ИНФОРМАТИКИ

В статье рассматриваются особенности использования понятийно-терминологического словаря при подготовке будущих учителей информатики. Опыт проводился в Южно-Казахстанском университете им. М. Ауэзова, на базе Южно-Казахстанского государственного педагогического университета. Описаны методика и методы организации и проведения практической работы по изучению понятийно-терминологического словаря при подготовке будущих учителей информатики. Анализ результатов экспериментальной работы представлен графически в виде таблицы, диаграммы. Педагогический эксперимент проводился в три этапа: констатирующий, формирующий, заключительный. На этапах экспериментальной работы использовались следующие методы исследования: анализ, систематизация, наблюдение, опрос, тестирование, исследование и обобщение педагогического опыта. В ходе экспериментальной работы были проанализированы результаты контрольной группы и экспертной группы.

В результате можно увидеть повышение теоретических знаний обучающихся экспериментальной группы в освоении курса ИКТ на английском языке. Данное обстоятельство приводит к повышению компетентности учителя, использованию понятийных терминологических слов в курсе ИКТ при подготовке будущих учителей информатики.

**Ключевые слова:** понятийно-терминологический словарь, цифровая грамотность, будущие учителя информатики, эксперимент, методика.

Abstract

## FEATURES OF USING A CONCEPTUAL TERMINOLOGICAL DICTIONARY IN THE TRAINING OF FUTURE COMPUTER SCIENCE TEACHERS

Bidaibekov Ye .Y.<sup>1</sup>, Rakhymbek N.ZH.<sup>2</sup>, Zhaidakbaeva L.K.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup> M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

The article discusses the features of the use conceptual and terminological dictionary in the training of future teachers. The experiment was conducted at the M. Auezov South Kazakhstan University, the basis of the South Kazakhstan Pedagogical University. The analysis the results of experimental work is presented graphically in the form of tables, diagrams. The pedagogical experiment was carried out in three stages: determining, formative, and final. At the stages of experimental work, the following research methods were used: analysis, generalization, systematization, observation, survey, testing, research and generalization pedagogical experience.

As a result, students the experimental group can see an increase in theoretical knowledge in mastering the ICT course in English. This circumstance leads to an increase the competence of the teacher, the use of conceptual terminological terms in the AKT course training of future computer science teachers.

**Keywords:** conceptual and terminological dictionary, digital literacy, future computer science teachers, experiment, methodology.

### Кіріспе

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында әділетті Қазақстанды құру ісінде мұғалімдердің рөлі айрықша екені және мемлекетімізде соңғы жылдары ұстаз мамандығының абырой-беделін арттыру үшін көп жұмыстар жасалатындығы айтылды. Мұғалімдердің аянбай жасаған еңбектерінің арқасында білімді және бірнеше тілді меңгерген ұрпақ болашаққа нық сеніммен қадам басады. Біздің күшіміз – жастардың білімінде деп үлкен сеніммен айтты [1]. Біз көптілді қоғамда өмір сүреміз. Күн сайын бәсекелестікте халықаралық қоғамдастықтың толыққанды мүшесі болу құқығымызды қорғауға тиістіміз. Біздің басқа еліміз де, басқа таңдауымыз да, басқа тағдырымыз да жоқ. Олай болса, айырмашылықтарды жою, менмендік шеңберінен шығу және шексіз әлемде бәсекеге қабілетті болу үшін көптілді болуға тиістіміз [2]. ХХІ ғасыр – ақпараттық коммуникациялық технологияның қарқынды дамуымен ерекшеленеді. Қай елдің болмасын бүгінгі экономикалық айырмашылықтары мен өсу динамикасы, ұзақ мерзімді жоспарлары көп жағдайда олардың технологиялық жетістіктеріндегі айырмашылықтармен және жаңа технологиялық шешімдерді игеру жағдайымен анықталады. Қоғамға АКТ-ның қарқынды енуі экономика мен өндірістегі өзгерістерге қызмет көрсетуде қаржылық және адами капитал ресурстарын жұмылдыруға жол ашады [2]. Бұл мемлекеттердің халықаралық бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторы болып саналады. Халықаралық бәсекеге қабілетті болу үшін шетелдік тіл білімін назардан тыс қалдыруға болмайды.

### Зерттеу материалдары және зерттеу әдістері

Бұл жұмыстың әдіснамалық негізіне жоғары оқу орындарында АКТ пәнін оқытуда тілдік ерекшеліктерге байланысты мүмкіндіктерді үйлестіру кіреді. Отандық және шетелдік, соның ішінде екі немесе одан көп тілде оқытылатын елдердегі тәжірибелер АКТ пәннің орнымен мәнін анықтауға арналған ғылыми жасақтамалар зерттеудің теориялық базасы болып табылады. Тақырып аясында ғылыми зерттеулердің жалпы кезеңдері берілген. Сондай-ақ алдағы ғылыми жасақтамалар үшін қазіргі проблемалармен бірге алдын ала теориялық зерттеу жүргізе отырып бұл тұжырымдамаларға жүйелі талдау жасалды. Жұмыстың қорытынды кезеңінде алынған нәтижелер негізінде тұжырымдар келтірілген.

### Талқылау нәтижелері

Зерттеуді жүргізу барысында біз жоғарғы оқу орындарында АКТ пәнін оқытудың негізгі ерекшеліктеріне талдау жасадық, Бүгінгі күні жаңа гаджеттерге арналған барлық нұсқаулар мен бағдарламалар ағылшын тілінде жазылған. Ғылыми баяндамалар, мақалалар ағылшын тілінде жарияланады. Интернет ресурстарының 90 пайызы ағылшын тілінде беріледі. Әлемдегі барлық саладағы ақпараттың басым көпшілігі – ғылым, спорт, жаңалықтар, ойын-сауық – ағылшын тілінде жарияланады [3]. АКТ ұсынатын технологиялық үдерістер әлеуметтік-экономикалық желілердің қарқынды өсуіне ықпал етеді. Тұтынушының географиялық орналасуына қарамастан, ақпарат пен білім ағынына мүмкіндік беретін, олардың экономикалық және технологиялық, ортақ тілдік

байланыстарын қамтамасыз ету – АКТ ұсынатын технологиялық үдерістерге байланысты. Себебі АКТ арқылы - әлемдік көшбасшылармен экономикалық алшақтықты тез арада жоя алады және жоғары білікті жұмысшылар үшін көбірек байлық пен жұмыс орындарын құрудан үлкен табыс ала алады [2].

Сондықтан елімізде маман даярлауда алдыңғы қатарлы ЖОО оқу орындарының білім бағдарламалары таза ағылшын тілінде дайындалған. 2016 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 18 профессор-оқытушылар құрамы ағылшын тілінде жаратылыстану пәндерін оқытудың және тілді меңгерудің әдіс-технологияларын үйренуге Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-де білімін жетілдіріп келді. Алғашқы жылдары профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер арасында АКТ-ны ағылшын тілінде белсенді оқытудың әдісі (Eric Mazur-Peer Instruction for Active Learning) қолданылды. 2-3 жылдың ішінде профессор-оқытушылар құрамы кезең-кезеңмен ағылшын тілі курстарын толық меңгеріп алды.

Аталмыш университеттің «Жаратылыстану ғылымдары мен педагогикасы» жоғары мектебі 2017-2018 оқу жылынан бастап жаратылыстану ғылыми бағыттағы 4 мамандық бойынша болашақ педагог мамандарды ағылшын тілінде даярлауға көшті. Жоғары оқу орнының стратегиялық жоспарына өзгерістер енгізіліп, жаратылыстану пәндері бойынша үш тілде білім беру бағдарламалары жасалынды.

Бұл өзгеріс нәтижесінде барлық мамандықтарды оқытуда үштілділік саясатын жүзеге асырумен қатар 70-50-30 принципі сақталынып АКТ пәні ағылшын тілінде оқытыла бастады. Алайда, 1 курс студенттерінің білім деңгейлері әртүрлі болып келеді. Оның үстіне көпшілігі ауылдық жерлерде мектеп бітіріп грантқа түскендер болды. Сондықтан 1 – курс студенттері ағылшын тілінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) пәнін оқып үлгеру үшін мәселелер туындады.

Барлық мамандық үшін АКТ пәнін ағылшын тілінде меңгеру өзекті мәселелердің бірі болды. Университетте АКТ ағылшын тілінде оқыту үдерісі студенттерді цифрлық сауаттылықпен қатар жаңа тілдік кодпен таныстырудың тетігі болды. Нәтижесінде олар өзінің әлемнің әмбебап және коммуникативтік мәдени-спецификалық сипаттамаларымен кәсіби бейнесін қалыптастыруы керек. Жоғарыда жасалған талдаулар зерттеу тақырыбын ЖОО студенттеріне АКТ курсы оқып үйретудің теориясы мен практикасын қоғам сұранысына сай дамытудың қажеттіліктерімен, студенттердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар мен нәтижелердің арасындағы қайшылықтардың болуымен, сондай ақ АКТ күн санап өзгеруімен негізделеді. Зерттеудің мақсаты – ЖОО оқитын студенттерге АКТ пәнінен оқытуда ағылшын-орыс-қазақ терминологиялық сөздігін пайдалану негізінде ақпараттық кәсіби коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру.

Зерттеу мақсатына сүйене отырып, біздің алдымызға мынадай міндеттер қойылады:

1. Оқу-әдістемелік құралдар мен сөздік туындыларын, оның ішінде АКТ саласындағы қолда бар сөздіктерді құру тәсілдерін зерделеу және талдамалық шолу жүргізу;
2. АКТ курсы бойынша оқу сөздіктерін құрудың негізгі кезеңдерін әзірлеу және теориялық негіздеу;
3. АКТ курсы бойынша оқу сөздігінің тұжырымдамалық моделін құру және оны іске асыру;
4. АКТ бойынша оқу сөздіктерін құрастыруға әзірленген теориялық және практикалық тәсілдердің тиімділігін тексеру.

Сөздіктер мен термин сөздерге қатысты зерттеулер АКТ пәнін мамандық саласына байланысты ағылшын тілінде оқыту үдерісінде кәсіби терминдерге басымдық беру қажет екендігі анықталды. Сондықтан ЖОО АКТ пәнін ағылшын тілінде оқытуда кеңінен қолданылатын терминологиялық сөздікке мән берілді. Ғылыми білімнің материалданған компоненттері терминологиялық сөздіктерде жазылады. Дәл осы сөздіктер мен анықтамалықтар ғылыми-техникалық ақпарат саласындағы жұмыстардың негізін құрайды. Ғылыми-техникалық прогрестің маңызды құрамдас бөлігі терминографияның қарқынды дамуы болғандықтан, яғни қазіргі тіл ғылымының өзекті міндеті терминологиялық лексиканы жүйелеу және семантизациялау болып отыр [4]. Студенттердің АКТ пәнін ағылшынша кәсіби деңгейде меңгерту терминологиялық сөздіктер арқылы жүзеге асырылатыны байқалды. Оқу орнының оқу үрдісін және жаңа компьютерлік ақпараттық технологияларды әлеуметтік деңгейде меңгеру үдерісін қарастыра отырып, қазіргі ақпараттық қоғамның оның мүшелеріне қойылатын талаптары, ең алдымен, ақпаратты білуінде екенін атап өткен жөн. Ақпараттық технология – жинақтау, сақтау, өңдеу, іздеу және т.б. құралдары мен әдістерінің жиынтығы [5]. Компьютер бұл процестердің техникалық құралы ретінде әрекет етеді. Компьютердің пайда болуы бұл үміттерді нығайтты, өйткені көптеген лингвистерге компьютерлер тек «тез жұмыс істейтін қосу машиналары» ғана емес, сонымен қатар мәтіндермен жұмысты автоматтандырудың қуатты құралы екендігі әу бастан-ақ түсінікті болды. Мәтіндерді статистикалық өңдеу, әртүрлі сөздік және лексикалық файлдық

топтамармен жұмыс жүргізу сияқты көптеген еңбекті қажет ететін процестерді автоматтандыру мүмкін болды [6]. Оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологияны қолданудың мақсаттары:

- ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, коммуникативті дағдыларды дамыту;
- «ақпараттық қоғам» тұлғасын тәрбиелеу;
- студентке игере алатындай оқу материалын беру мүмкіндігі;
- зерттеушілік дағдыларын, оңтайлы шешім қабылдау қабілетін қалыптастыру.

Сонымен, оқушының ақпараттық күзиреттілігі оқу-танымдық іс-әрекетте қажетті білімді алу және жаңарту мақсатында жаңа ақпараттық технологиялардың көмегімен ізденіс нәтижелерін өңдей білу және үздіксіз ақпаратты іздеуге дайындығынан көрінеді.

Ғылыми-техникалық терминологияның қалыптасуына әртүрлі тілдік және тілден тыс факторлар әсер етеді. Әр термин өз дамуында үш сатыдан өтетінін ескерсек, оның белсенді қолданысқа түсіп, қалыптасуы сол саладағы мамандарға тікелей байланысты екенін көреміз. Білім алушыларды болашақ мамандығына бейімдеп оқыту барысында салалық терминдермен таныстыру, оларды күнделікті жұмыс барысында қолдана білуге үйрету - оқу үдерісіндегі басты міндеттердің бірі [7]. Цифрлық лингводидактика - тілді оқыту әдістемесінің қарқынды дамып келе жатқан салаларының бірі. Салыстырмалы түрде қысқа мерзімде ол бір жағынан компьютерлік технологияның дамуымен, екінші жағынан тілді оқыту тұжырымдамасымен тығыз байланысты маңызды жолдан өтті. Дегенмен 2 жылдың өзінде цифрлық құралдар мен ақпараттық коммуникациялық технологиялардың қолданылу аумағы мен технологиялық үдерістің жылдам дамуы сала бойынша терминологияны қажет етеді.

1-курстан басқа да 3, 4 курс студенттеріне "Цифрлық сауаттылық" таңдау курсы аясында АКТ мен цифрландыру бойынша ұғымдық терминологиялық сөздік кеңінен қолданылады. Біз студенттерге "Цифрлық сауаттылық" сабағында сөздікті дұрыс қолдану үшін Қ.Бектаевтің «Үлкен қазақша-орысша, орысша - қазақша сөздік» кітабындағы аударма кезіндегі сөздікті қолдану схемасын қолдануды басшылыққа алуды ескерттік [8].

Болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығын арттыру, олардың ақпараттық тұжырымдамалық және терминологиялық мәдениетін арттыру құралы ретінде қызмет ететін сөздік құралдары оқу үдерісінде терминдерді анықтау, ұғымдардың маңызды сипаттамаларын анықтау, олардың арасында логикалық байланыс орнату және т.б. үшін қолданылады. Педагогтің кәсіби стандартының әдістемелік бөлімінде

- білім үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыратын іскерлік пен дағдылары:
- өз бетімен кәсіби дамудың траекториясына сәйкес біліктілігін жетілдіреді;
- өз бетімен есеп беру құжаттарын талдайды және рәсімдейді;
- өз бетімен жалпы педагогикалық деңгейдегі АКТ құзыреттілігін меңгерген (оқыту және ойын бағдарламаларды, веб-ресурстарды, дағдыларды қалыптастыратын тренажерлерді әзірлейді, компьютерлік сынып жағдайында жұмысты ұйымдастырады немесе АКТ құралдарын пайдаланады, АКТ-ны білім нәтижесіне жету, бағалау шараларын өткізу үшін қолданады [9]. Демек, информатика мұғалімдеріне АКТ құзыреттілігін қалыптастыруда да пәндік ұғымдық терминологиялық сөздік қажет болады. АКТ пәнінен әрбір дәріс пен зертханалық сабақта кездесетін жаңа сөздер үшін төмендегідей үш тілдегі электрондық сөздік ұсынылды (1 кесте).

Кесте 1. Үш тілдегі сөздіктің түпнұсқасы

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
<i>Асинхронды оқыту - нақты уақыт режимінде оқытушының оқушылармен өзара әрекеттесуін болжамайтын электрондық оқыту. Асинхронды оқыту кезінде студент курстан өтіп, материалды ыңғайлы уақытта және қарқынмен оқи алады. Электрондық оқыту жүйесінде асинхронды электрондық оқыту жүзеге асырылады, мысалы, оқытуды басқару жүйесінің көмегімен дәрістер, тестілеу түрінде және т. б.</i>	<i>Асинхронное обучение – электронное обучение, которое не предполагает взаимодействие преподавателя с обучаемыми в режиме реального времени. При асинхронном обучении учащийся может проходить курс и изучать материал в удобное ему время и комфортном темпе. В системе электронного обучения асинх-ронное электронное обучение реализуется, например, с помощью системы управления обучением в виде лек-ций, видео лекций, тестирования и т. д.</i>	<i>Asynchronous learning is e-learning that does not involve the interaction of the teacher with the trainees in real time. With asynchronous learning, a student can take a course and study the material at a convenient time and at a comfortable pace. Asynchronous e-learning is implemented in the e-learning system, for example, with the help of a learning management system in the form of lectures, video lectures, testing, etc.</i>

Т.В. Морозова бойынша мұғалімдер мен студенттердің педагогикалық қызметке кәсіби дайындығы келесі компоненттерден тұратынын көрсетеді:

1. Оқытылатын ғылым саласындағы дайындық (оқытылатын пән ғылымының теориялық негіздерін білу; оқытылатын пәннің ғылым әдістерін білу; ғылымның даму тарихын және оның қазіргі жетістіктерін білу);

2. Әдістемелік дайындық (оқушылардың оқу пәні бойынша білім мазмұнын білу; оқушыларды оқу пәніне оқытудың әдістері мен тәсілдерін білу және практикалық меңгеру; оқушыларды оқу пәніне оқытуды ұйымдастыру нысандарын білу; оқушыларды оқу пәніне оқыту құралдарын білу [10].

АКТ курсы мен информатикаға қатысты пәндер бойынша терминологиялық сөздіктерді мақсатты және жүйелі қолдану (информатиканы оқыту әдістемесі) болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығының әдістемелік құрамдас бөлігі болып табылады.

Пән мен тілге кіріктіре оқытқан жағдайда тіл сала бойынша оқушыға қызық және қол жетімді тақырыптардың көмегімен үдете оқытылады. Оқытудың қауіпсіз ортасы құрылады, онда қарым-қатынас пен өзара оқыту іске асады. Шет тілі пән білімін берудің құралы болып қызмет етеді; курста шет тілі білімін білумен қатар пән білімін білуі жатады, ол пән мұғалімдері мен шет тіл мұғалімдерінің белсенді өзара қатынасын түспалдайды [11].

Пәнді оқытуды жетілдіруде ұғымдық терминологиялық сөздікті қолданудың әдістері мен формалары Тимофеева Н.М., Киселева О.М. еңбектерінде көрініс табады [12-13].

1. Жаңа тұжырымдаманың қасиеттерін анықтау, тиісті терминді енгізу, жаңа тұжырымдаманың анықтамасын тұжырымдау және оны игеру қажеттілігінен тұратын оқу мәселесін тұжырымдау (мотивация кезеңі).

2. Тұжырымдаманың анықтамасын құруға болатын маңызды қасиеттерді ашу (анықтаманы енгізуге дайындық кезеңі).

3. Зерттелетін ұғымның анықтамасын тұжырымдау (анықтаманы енгізу кезеңі).

4. Жалпы (анықтайтын) ұғымды, түр айырмашылықтары мен олардың арасындағы логикалық байланыс түрін анықтаудан ажырату (анықтама құрылымын логикалық-ақпараттық талдау кезеңі).

5. Қарастырылып отырған объектіні объектілердің белгілі бір класына жатқызу мүмкіндігін анықтау, оны тиісті терминмен белгілеу (тұжырымдаманы енгізу кезеңі).

6. Зерттелген ұғымдарды олардың арасындағы қатынастар мен анықтамалар негізінде жүйелеу (бұрын зерттелгендермен байланыс орнату кезеңі).

7. Оның қасиеттерін біріктіру негізінде зерттелетін тұжырымдаманың анықтамаларын алу (балама анықтамаларды тұжырымдау кезеңі).

8. Студенттердің ұғымды меңгерудегі қателіктерді анықтау және жою (ұғымды меңгеруді бақылау және бағалау кезеңі).

Жоғарыда сипатталған ұғымдарды зерттеу әдістемесі негізінде АКТ пәнінен ұғымдық терминологиялық сөздіктерді қолданудың әдістері мен формалары зерделенді.

АКТ пәнінен ұғымдық терминологиялық сөздіктерді қолдану

1. Дәріс конспектілерін құрастыру кезінде, семинарлық және практикалық сабақтарға, сынақтарға және т. б. дайындық кезінде терминдерді анықтау үшін сөздікті тікелей қолдану.

2. Білім алушылардың дербес таңдалған дереккөздерді пайдалана отырып, АКТ пәнінің тақырыбы бойынша ұғымдардың глоссарийін жасауы.

3. Стилистикалық күрделі АКТ өткен сабақ бойынша оқу құралдарының мәтіндерінен (немесе басқа көздерден) ұғымдардың маңызды сипаттамаларын анықтау.

4. Қарастырып отырған сөзге логикалық дәлелі бар болуы.

5. Олардың арасындағы жан-жақты басқа да логикалық байланыстарды құру үшін сала бойынша ұғымдардың классификациясын құру.

6. АКТ пәні ұғымдарынан тұратын дайын схемаларды талдау, ұқсас схемалардың негізгі элементтері арасындағы қатынастарды анықтау.

7. Практикалық сабақтар-презентациялар өткізу – оқытушы ұсынған тұжырымдамаға сәйкес таңдалған ақпараттың презентациясын жасау.

8. Ұсынылған сөздік құралдарды оларға жаңа терминологияны қосу мүмкіндігі мен қажеттілігіне талдау.

Информатиканы оқыту әдістемесі пәні АКТ сабағына әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Себебі адамның АКТ мен жұмысты үйлестіруді қалай үйренетіні, оның ақпаратты қабылдау мен өңдеу жұмыстарына деген ынтасымен тығыз байланысты. Жүргізілген зерттеулерде АКТ


курстарында қолданылатын оқыту стратегиялары мен әдістері, әрбір іс әрекетті жасаудағы кездесетін ұғымдарды анық білуімен түсінуімен байланысты екендігі байқалады.

Педагогикалық пән бойынша оқу сөздігі - бұл белгілі бір көлемдегі лексикографиялық ақпарат, ол педагогикалық пәннің тілін біріктіреді, анықтайды, жүйелейді және реттейді және осы тілді үйренуге көмектесу үшін арнайы жасалған [10].

Болашақ информатика мұғалімдерін даярлауда ұғымдық терминологиялық сөздікті қолданатын топтар осы мақсатқа жетуге тырысатын мамандықтар үшін пайдалы болуы мүмкін. Төменде зерттеуде қолданылатын әдіс ұсынылған және ол, қатысушылар және таңдалған үлгі, деректерді жинау құралдары, деректерді жинау процедурасы, деректерді талдау, нәтижелер туралы қосымша ақпарат берілген.


Ұғымдық терминологиялық сөздікті қолданудың тиімділігіне арналған эксперименттік жұмыстар жүргізілді. Бастапқы кезеңде Ақпараттық - коммуникациялық технологияларды оқытуда тиісті сөздікті қолданғандағы өзгерісті айқындау мақсатында сауалнама, сұхбат - жүргізілген эксперимент жұмыстың үлгерім сапасының деңгейін салыстырмалы түрде анықтау болды. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқытуда үш тілде жасалынған электронды сөздікті қолданғандағы сауалнама нәтижесі 1-суретте көрсетілген.

Экспериментке М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университет және Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университетінің студенттері қатысты.



Сурет 1. АКТ курсы ағылшын тілінде оқытуға көзқарасын сипаттайтын сауалнама нәтижесі

АКТ басқа пәндерге қолдану ерекшеліктері туралы айтылғанда көпшілігінің ойлары бір-бірімен сәйкес келетіні байқалды. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ағылшын тілінде оқытудың мақсаты келесі суретте келтірілген (2 сурет).




Сурет 2. Сауалнама нәтижесі

АКТ пәнін қай тілді өткендігін қаласыз? - деген сауалға басым көпшілігі ағылшын тілін таңдады, ондағы себеп әсіресе болашақ мұғалімдер үшін мектепте үштілділіктің енгізілуімен байланыстырды (3 сурет). Ағылшын тілінде АКТ- ны жақсы меңгеруге қандай құралдар керек? – деген сауалға көпшілігі АКТ-ға арналған техникалық құралдар деп, келесілері терминдік сөздіктер қажет екендігін көрсеткен (4 сурет).

АКТ пәнін қай тілде өтілгенін қалайсыз?


33 ответа



Сурет 3. АКТ пәнін қай тілді өткендігін сипаттайтын сауалнама нәтижесі

Ағылшын тілінде оқытуда АКТ -ны жақсы меңгеруге қандай құралдар қажет?

33 ответа



Сурет 4. Қандай құралдар керектігін сипаттайтын сауалнама нәтижесі

Студенттерге АКТ пәнін оқыту негізінде кәсіби дайындауға ықпал ете отырып, өз білімдерін қазіргі заман талабына сай кәсіби қызметте қолдана алатын маман дайындай аламыз.

Зерттеудің негізгі идеясы- АКТ курсының оқытуда ұғымдық терминологиялық сөздікті қолданып оқыту және оның оқу үдерісіне әсерін зерттеу. Сонымен қатар, біз осы зерттеуде 6B01530-Информатика білім беру бағдарламасының студенттеріне – АКТ курсының оқытуда ұғымдық терминологиялық сөздікті қолданған кездегі оқу үлгеріміндегі айырмашылықты анықтауға тырыстық.

А. Брайман, Қ. Бектаев зерттеулеріне ұқсас, бұл зерттеуде статикалық топтық алдын-ала есептеу әдісі енгізілді. Бірінші кезеңде білімгерлермен Google Диск-те <https://forms.gle/r31bGy7z76tyvnjh9> сауалнама алынды. Екінші кезеңде олардың тілдік білімі мен бағдарламалау және математикалық білім көрсеткіштерін анықтау үшін 267 студенттен [www.cambridgeenglish.org/test-your-english/for-schools/](https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdDn_25LsRbFHCZ46Q0HJW453ocFRdNIyd8CyQyz0REuvaktg/viewform?embedded=true), [https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdDn\\_25LsRbFHCZ46Q0HJW453ocFRdNIyd8CyQyz0REuvaktg/viewform?embedded=true](https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdDn_25LsRbFHCZ46Q0HJW453ocFRdNIyd8CyQyz0REuvaktg/viewform?embedded=true) тест алынды.

Үшінші кезеңде сандық мәліметтерді жинап студенттердің АКТ тақырыптарын түсінуін бағалау үшін «АКТ-дан үлгерім тесті», олардың АКТ пәнінен алған білімін зерттеу үшін қолданылды. Деректерді жинаудың сапалы құралы ретінде «студенттерді бағалау тесті» қолданылды. АКТ курсының бойынша білім сапасын салыстырмалы түрде анықтауға SPSS бағдарламасы бойынша екі салыстырмалы топ үшін t-тесті қолданылды. Зерттеу деректеріне қатысты дайындаған үлгерім тестінің сенімділігін есептеу үшін SPSS 21.0 бағдарламасын қолдана отырып элементтері талданды. Зерттеу барысында 7 апталық енгізу кезеңінен кейін жиналған мәліметтер талданды. Статистикалық есептеулерге ОҚМПУ және М.Әуезов атындағы ОҚУ-нен 6B01530-Информатика мамандығы студенттері алынды. Студенттердің 157-і эксперименттік топ, 110 студенттен тұратын бақылау тобы болды. Деректер екі топтан бір уақытта және екі рет жиналды. Бастапқы тест алдын-ала (өтініш берілгенге дейін), ал соңғы тест (өтініш берілгеннен кейін) болды.

Бұл жерде: БТ – бақылау тобы, ЭТ– эксперименттік топ, БТс – бақылау тобында эксперименттің соңғы көрсеткіші; БТб – бақылау тобында эксперименттің бастапқы көрсеткіші;

Ұғымдық терминологиялық сөздікті қолданғандағы білім көрсеткіші келесі кестеде көрсетілген (кесте-2). Ұғымдық терминологиялық сөздікті қолданғандағы білім көрсеткіші келесі кестеде көрсетілген (кесте-3).

Кесте 2. Кендал сенімділік аралығы

Топтар	Кендал бойынша	Significance (2-tailed)	99% сенімділік аралығы (2-жақты) <sup>a</sup>	
			төмен	жоғары
БТ студенттер % - БТс	0,738	<0,001	0,332	0,914
БТ студенттер % - ЭТб	0,992	<0,001	0,975	0,998
БТ студенттер % - ЭТс	0,229	0,303	-0,353	0,683
БТс - ЭТб	0,718	0,001	0,292	0,906
БТс - ЭТс	0,290	0,192	-0,294	0,717
ЭТб - ЭТс	0,242	0,273	-0,341	0,691

Кесте 3. Спирманның сенімділік аралығы

Топтар	Спирман	Significance (2-tailed)	99% сенімділік аралығы (2-жақты) <sup>a,b</sup>	
			төменгі	жоғары
БТ студенттер % - БТс	0,904	<0,001	0,542	0,983
БТ студенттер % - ЭТб	0,998	<0,001	0,990	1,000
БТ студенттер % - ЭТс	0,312	0,324	-0,509	0,836
БТс - ЭТб	0,897	<0,001	0,516	0,982
БТс - ЭТс	0,396	0,203	-0,434	0,862
ЭТб - ЭТс	0,322	0,308	-0,501	0,839

Жоғарыда келтірілген 2, 3 – кесте - бұл тестілеуге дейінгі орташа баллдар мен бақылау тобындағы АКТ курсы бойынша тестілеуден кейінгі орташа баллдар негізінде алынған мәліметтердің жалпы талдауының көрінісі. АКТ курсы бойынша тестілеу алдындағы эксперименттік топтың орташа баллы, кестеден көрініп тұрғандай, ауытқу аралығы 0,322 ден 0,839 өзгергенін көрсетеді. АКТ курсы бойынша ұғымдық терминологиялық сөздікті қолданғаннан кейін орташа көрсеткіштері алдыңғыдан көрсеткіштерден жоғары болды (кесте-2).

### Қорытынды

Эксперименттік жұмыстың нәтижесінде бақылау тобы мен пен эксперименттік топтың нәтижелері талданды. Нәтижесінде эксперименттік топтың білім алушыларының АКТ курсы менгеруде ұғымдық терминологиялық сөздікті қолданғандағы теориялық білімдерінің артқанын көруге болады. Бұл жағдай болашақ информатика мұғалімдерін даярлауда АКТ курсына ұғымдық терминологиялық термин сөздерді қолдануды, мұғалімнің күзреттілігінің артуына әкеледі. Зерттеу жұмысының барысында мәселені шешудің бірден-бір жолы – ЖОО-да информатика бакалаврларын дайындауда АКТ курсы ағылшын тілінде оқытуда ұғымдық терминологиялық сөздікті қолдану деген тұжырымға келдік.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>
- 2 Lechman E., Marszk A. *ICT-Driven Economic and Financial Development: Analyses of European Countries*. Academic Press, 2019. — 285 p. — ISBN 978-0-12-813798-7.
- 3 Колесник, А. А. Актуальность владения иностранным языком в современном мире / А. А. Колесник, С. А. Волкова. – Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2017. - № 3 (137). – С. 562-564. URL: <https://moluch.ru/archive/137/38511>
- 4 С.Ә. Ырсалиев, Л.Ш. Қарабасова, Ә.З. Мұхаметжанова, А.Б. Әділ, М.А. Бекова, Е.Б. Нұрланов. 0-64 Үш тілде білім беруді ұйымдастыру: халықаралық тәжірибе және Қазақстанға арналған ұсыныстар / Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде - «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ, Астана, 2017. - 184 б.
- 5 Бидайбеков Е.Б. Білім берудің әртүрлі деңгейлерінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану әдістері. Білім саласындағы инновациялық ақпараттық педагогикалық технологиялар жаңашыл педагогтардың 3-ші форумы. - Шымкент, 2012. - Б. 204-208.
- 6 Боярский К. К. Введение в компьютерную лингвистику. Учебное пособие. – СПб: НИУ ИТМО, 2013. 72 с.
- 7 Әділова А.С., Еркебаева Г.С. Оқу-терминологиялық сөздік жөнінде // Қарағанды университетінің хабаршысы. – 2010. №4. – Б. 56-62.



8 Бектаев Қ. Большой казахско-русский и русско-казахский словарь» Казахстанский проект развития государственного языка: 1996. – 697с.

9 «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша. «Педагогтің кәсіби стандарты» ПС Педагог\_каз.pdf (atameken.kz)» -133 б. Брайман Алан.Әлеуметтік зерттеу әдістері. II том. Алматы, 2016- 456 б.

10 Морозова, М. И. Двужычный терминологический словарь как опора для извлечения информации из текстов по проблемам теории обучения иностранным языкам: французский язык, языковой вуз [Текст]: дис. ... канд. пед. наук / Морозова Мария Ивановна. - М., 2000. - 281 с.

11 Мектептердің оқу үдерісінде CLIL-технологияны қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. – 73б.

12 Тимофеева Н.М., Киселева О.М. Моделирование учебных словарей по педагогическим дисциплинам // Общественные науки. 2012. Т. 2. № 6. С. 157-164.

13 Тимофеева Н.М. Проектирование учебных словарей по педагогическим дисциплинам: дисс. канд. пед наук. – Смоленск, 2004. – 215 с.

14 Брайман А. Әлеуметтік зерттеу әдістері [Электронный ресурс]: оқулық / - Алматы: ҚР Жоғарғы оқу орындарының қауымдастығы, 2014. - 35 ,4Мб. - Б. ц.

15 Бектаев Қ. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика – Алматы: Рауан, 1991.- 432 б.

#### References:

1 Memleket basshysy Qasym-Zhomart Tokaevtyñ Qazaqstan halqyna Zholdauy: Әділетті мемлекет. Биртықас ұлт. Бекелі қоғам. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-qasym-zhomart-tokaevtyñ-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>.

2 Lechman E., Marszk A. ICT-Driven Economic and Financial Development: Analyses of European Countries. Academic Press, 2019. — 285 p. — ISBN 978-0-12-813798-7.

3 Kolesnik, A. A. Aktual'nost' vladenija inostrannym jazykom v sovremennom mire / A. A. Kolesnik, S. A. Volkova. — Tekst: neposredstvennyj // Molodoj uchenyj. — 2017. — № 3 (137). — S. 562-564. — URL: <https://moluch.ru/archive/137/38511>

4 S.Ә. Yrsaliev, L.Sh. Қарabasova, Ә.Z. Мұхаметжанова, А.В. Әдил, М.А. Bekova, Е.В. Нұрланов. 0-64 Ysh tilde bilim berudi ұғымдастыру: halyқаралық tәzhiribe zhәne Qazaқstanға арналған ұсынустар / Qazaқ, orys zhәne әyylshyn tilderinde - «Ақпараттық-тaldau орталығы» АҚ, Astana, 2017. - 184 б.

5 Bidajbekov E.Y. Bilim berudiñ әrtырli deңgejlerinde ақпараттық-kommunikacijalyқ tehnologijalardy қoldanu әdisteri. Bilim salasындағы innovacijalyқ ақпараттық pedagogikalық tehnologijalar zhaңashyl pedagogtardyñ 3-shi forumy. - Shymkent, 2012. - B. 204-208.

6 Bojarskij K. K. Vvedenie v komp'juternuju lingvistiku. Uchebnoe posobie. – SPb: NIU ITMO, 2013. – 72 s.

7 Әdilova A.S., Erkebaeva G.S. Оқу-terminologijalyқ sözdik zhөninde // Qarazandy universitetiniñ habarshysy. – 2010. №4. – B. 56-62.

8 Bektaev Q. Bol'shoj kazahsko-russkij i russko-kazahskij slovar' » Kazahstanskij proekt razvitija gosudarstvennogo jazyka: 1996. – 697s.

9 «Atameken» Қазақстан Respublikasy Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша. «Pedagogtiñ kәsibi standarty» PS Pedagog\_каз.pdf (atameken.kz) » -133 б. Brajman Alan.Әлеуметтік зерттеу әдистері. II том. Almaty, 2016- 456 б.

10 Morozova, M. I. Dvujazychnyj terminologicheskij slovar' kak opora dlja izvlechenija informacii iz tekstov po problemam teorii obuchenija inostrannym jazykam: francuzskij jazyk, jazykovoј vuz [Tekst]: dis. ... kand. ped. nauk / Morozova Marija Ivanovna. - M., 2000. - 281 s.

11 Mektepterdiñ оқу үдеріsінде CLIL-tehnologijany қoldanu boјynsha әdistemelik ұsynymdar. Әdistemelik ұsynymdar. – Astana: Y. Altynsarin atyndaғы Ұлттық bilim akademijasy, 2018. – 73b.

12 Timofeeva N.M., Kiseleva O.M. Modelirovanie uchebnyh slovarej po pedagogicheskim disciplinam // Obshhestvennye nauki. 2012. T. 2. № 6. S. 157-164.

13 Timofeeva N.M. Proektirovanie uchebnyh slovarej po pedagogicheskim disciplinam: diss. kand. ped nauk. – Smolensk, 2004. – 215 s.

14 Braiman A. Аleymettik zertteу әdisteri [Elektronny resyrs]: oqыlyq / - Almaty: QR Joғarғы oqы oрыndarynyñ қауымдастығы, 2014. - 35, 4mb. - B. s.

15 Bektaev Q. Yқtimaldықтар teorijasy zhәne matematikalық statistika – Almaty: Rauan, 1991.- 432 б.